



Kaspi Кредиттерін түрлендіру БАҒДАРЛАМАСЫ

«Kaspi Bank» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен (10.10.2022ж. №2022/10-74 хаттама) Kaspi кредиттерін түрлендіру бағдарламасы 2023 жылғы «Об» ақпанынан бастап жаңа редакцияда жазылсын:

I. Жалпы ережелер

Kaspi Кредиттерін түрлендіру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) баспасөзде орналастырылған үлгі (стандарт) ережелер және Интернет желісінде www.kaspi.kz немесе www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Kaspi Red картасына қызмет көрсету бойынша қосылу шарттары (бұдан әрі – Ережелер) аясында Kaspi берген банктік қарыздары бар, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізі борыш бойынша күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімі өткізілген берешегі (бұдан әрі – Кредиттер) бар Қарыз алушылар үшін Банктер туралы заңның¹ 36-бабының талаптарына сәйкес әзірленді. Егер мәтінде өзгеше тікелей көрсетілмесе, Бағдарламаның мақсаты үшін Ережелерде жазылған терминдер, анықтамалар мен қысқарған сөздер пайдаланылады.

II. Бағдарламаны ұсыну ережесі

1. Кредиттерді түрлендіру рәсімі Қарыз алушыға Kaspi-мен жасалған банк қарызы шарттары (бұдан әрі – Кредиттік шарт) аясында туындаған берешек пен Ереже және (немесе) КБҚКШ аясындағы өзге берешекті өтеу бойынша барлық міндеттемелерді өз бетінше және белгіленген мерзімде орындауға мүмкіндік беру мақсатында қолданылады. КБҚКШ аясында берешек болған кезде оны өтеу үшін Kaspi Кредиттік шарттың аясында банк қарызын (овердрафт) оны Kaspi-дің ішкі транзиттік шотында көрсету арқылы береді.
2. Кредиттерді түрлендіру Кредит(-тер) және (немесе) Кредиттік шарт бойынша талаптарды өзгерту, оның ішінде Кредиттік шарт пен Kaspi Клубының ережелері аясында туындаған, мерзімі өткізілген және (немесе) мерзімі өткізілмеген берешекті өтеу үшін бар берешекті немесе оның бір бөлігін біріктіру және (немесе) берешекті өтеу үшін жаңа төлемдер кестесін ұсынып, жаңа банк қарызын (бұдан әрі – Оңтайлы кредит) беру арқылы Ережелердің аясында жүзеге асырылады.
3. Кредиті бар Қарыз алушы Kaspi-ге түрлендіру рәсімін жүргізу үшін өтініш білдірген жағдайда, Kaspi күнтізбелік 15 күннің ішінде өтінішті қарастырады. Оң шешім қабылдаған жағдайда, Kaspi Қарыз алушыға ұсынылатын Оңтайлы кредит ережелерін жібереді. Kaspi Қарыз алушыдан өтініш алмастан, оған Оңтайлы кредит ережелерін ұсынуға құқылы.
4. Kaspi ұсынылатын Оңтайлы кредит ережелерін Қарыз алушының тіркелген Мобильді нөміріне жіберілетін SMS-хабарлама арқылы және (немесе) Мобильді қосымша арқылы және (немесе) Kaspi ұсынған және Қарыз алушыға хабарланған өзге тәсілмен жолдайды.
5. Кредиттерді түрлендіру рәсімі Қарыз алушының Оңтайлы кредит талаптарымен келісімін (бұдан әрі – Қарыз алушының келісімі) алған жағдайда жүзеге асырылады.
6. Қарыз алушының келісімі Қарыз алушының тіркелген Мобильді нөміріне Қарыз алушы алған Оңтайлы кредит ережелері ұсынылған Kaspi-дің SMS-хабарламасына Қарыз алушының жауап (кез келген мәтінмен немесе мәтінсіз) жіберуі және (немесе) Мобильді қосымшада Қарыз алушының келісімін растайтын әрекеттерді жүзеге асыруы арқылы немесе Kaspi ұсынған және Қарыз алушының назарына жеткізілген өзге де тәсілдермен көрсетілуі мүмкін.
7. Жүргізілген өзгерістерді, соның ішінде жаңа қарыз (овердрафт) беру және (немесе) Оңтайлы кредит ережелерін (Kaspi-дің транзиттік ішкі шотына Оңтайлы кредит беру) көрсету және (немесе) ақшаны Кредиттік шарт бойынша немесе соған байланысты берешекті өтеуге жіберу фактісін растайтын бухгалтерлік жазбаларды Kaspi-дің балансында орындаған сәт (Kaspi-дің транзиттік ішкі шоттарын пайдалануға жол беріледі) Кредиттерді түрлендіру рәсімінің басталғаны (Оңтайлы кредит беру) болып саналады.
8. Оңтайлы кредиттің Дербес талаптары Қарыз алушыға Қарыз алушының келісімін алғаннан кейін Жеке кабинетке жолданады.
9. Қарыз алушы Оңтайлы кредит бойынша берешекті Ережелер мен Дербес талаптарға сәйкес өтейді.
10. Қарыз алушы Оңтайлы кредитті комиссиясыз және айыппұлсыз кез келген уақытта мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеуге құқылы.

¹ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 Заңы

III. Қорытынды ережелер

11. Клиенттің Оңтайлы кредит талаптарымен келіскен оның Бағдарламамен келіскенін білдіреді және бұл Бағдарламада көзделген Ережелердің өзгеруіне әкеп соқтырады. Келісім беру арқылы Қарыз алушы Бағдарламамен танысқанын, Бағдарламада көзделген жағдайларда овердрафт ұсынумен келісетінін, Ереже мен Ереженің аясында жасалған шарттар Бағдарламаның ережелері ескеріліп, өзгертілетінін және қолданылатынын растайды, бұл ретте Бағдарлама Ереженің және оның аясында жасалған шарттардың ажырамас бөлігіне айналады.

12. Бағдарламада реттелмеген бөлігінде Клиент пен Kaspi-дің арасындағы қатынастар Ережелерде реттеледі.

13. Банктің қалауы бойынша осы Бағдарлама:

1) Ережелердің аясында Kaspi берген, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізі борыш бойынша мерзімі өткізілген берешегі жоқ банк қарыздарына;

2) Ережелердің аясында Kaspi берген, есептелген сыйақы (Артық төлем) және (немесе) негізі борыш бойынша күнтізбелік отыз күннен асатын, бірақ күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімі өткізілген берешегі бар банк қарыздарына қолданылады.
